



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 23 маусымдағы

№ 54

Алға қаласы

город Алга

Алға аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 151 «Алға ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШТІ:

1. Алға аудандық мәслихатының «Алға ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 151 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3888 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Алға ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы»;

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алға ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.».

2. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

**Алға аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

А. Алмагамбетов

**Алға аудандық мәслихатының
хатшысы**

М. Тулеуов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Нормативтік құқықтық акті 08.07.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 23351 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Алгинского районного маслихата" - Председатель сессии Алгинского районного маслихата

Ануарбек Шырақбаевич Алмагамбетов, 29.06.2021 12:29:15, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ "Аппарат Алгинского районного маслихата" - Секретарь Алгинского районного маслихата Марат

Шамшадинович Тулеуов, 29.06.2021 12:36:55, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ "Аппарат Алгинского районного маслихата" - Председатель сессии Алгинского районного маслихата

Ануарбек Шырақбаевич Алмагамбетов, 29.06.2021 12:43:18, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министра Наталья Виссарионовна Пан, 01.07.2021 22:22:34, положительный результат проверки ЭЦП